ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 05 қыркүйек 7119-23-00-2/9260 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің № 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Аяулым Жамбылқызы Ермекова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің № 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Аяулым Жамбылқызы Ермекова жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өніру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Аяулым Жамбылқызы Ермекова жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Аяулым Жамбылқызы Ермекова жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің № 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 18 070 (он сегіз мың

жетпіс) тенге айыппұл сомасы және 542 (бес жүз қырық екі) теңге мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстары өндірілсін.

Аяулым Жамбылқызы Ермекова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін..

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 05.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Шамшильдин Т., 16.10.2023

7119-23-3-1/8982